Idea Trade ЖШС атынан берілген конкурстық құжаттамаға қатысты
Гранат Торг ЖШС шағымына байланысты:

1-дәлел бойынша:

Менеджмент саласы бойынша жоба жетекшісі бойынша ұсынылған еңбек ресурсының (Жақсыбай Р) шетелдік оқу орнынан дипломы ұсынылған. Бекітілген конкурстық құжаттамаға 11-қосымшаға сәйкес, әлеуетті өнім беруші еңбек ресурсының біліктілігі туралы құжаттың (білім туралы диплом не сертификат, аттестаттың) электрондық көшірмелерін ұсынады. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімге қатысты бүкіл хат-хабарлар мен құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және беріледі. Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда оларға дәл (нотариалдық расталған) аудармасы қоса беріледі. Тиісінше, өнім берушінің конкурстық құжаттамалары талаптарға сай.

Сондай-ақ, құжаттама талаптарын талқылау кезеңінде, №522887 хабарламаға сәйкес, тапсырыс беруші және ұйымдастырушы өкілдері «Менеджмент" мамандығы бойынша магистр дәрежесі бар жоба жетекшісі ретінде Жоба менеджменті (Жоба басқару) маманын ұсыну жарамды болатындығын растаған. Тиісінше, аталған еңбек ресурсты біліктілік талаптарына толығымен сәйкес келеді.

2-дәлел бойынша:

Материалдық ресурстар бөлігінде тапсырыс беруші 100 шаршы метрден кем емес үй-жайдың меншікте не жалға алынуын сұраған. Idea Trade ЖШС Lingua Club ЖШС-нен жалданған 115.7 шаршы метрлік үй-жайдың (Ә.Бөкейхан, д.16/1, н.п.10, (РКА 1202215826313479) (адрес по договору купли продажи от 5.12.2023 года: г.Астана, район Есиль, проспект Мангилик Ел, дом 36/1, н.п.10) құжаттарын ұсынған (келісім-шарт, сатып алу-сату келісім шарты, анықтама қоса берілген). Тиісінше аталған материалдық ресурс біліктілік талаптарына көрсетілген 100 шаршы метрден кем емес талабына толығымен сәйкес келеді.

Жоғарыда аталғандарға байланысты, Гранат Торг ЖШС шағымын негізсіз деп тануды, сонымен бірге қорытынды хаттаманы өзгеріссіз қалдыруды сұраймыз.